

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Б. Нажметдинұлына

2026 жылғы 5 маусымдағы № ДС-201 сауалға

Құрметті Болатбек Нажметдинұлы!

Қытай Халық Республикасының (бұдан әрі – ҚХР) көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі, сондай-ақ олардың иелеріне теңгерімді талаптарды белгілеу туралы сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі таңда Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі – ЖЖҚ) бұзудың фото- және бейнетіркеу жүйелерінің (стационарлық және мобильдік кешендерді қоса алғанда) шетелдік, оның ішінде ҚХР-да тіркелген көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (бұдан әрі – МТНБ) анықтау мүмкіндігі бар.

ҚХР көлік құралдарының МТНБ ерекшелігі – әкімшілік-аумақтық бірлікті (провинцияны) білдіретін иероглиф, сондай-ақ латын әріптік таңбалары мен цифрлық белгілердің болуы.

Қолданылатын аппараттық-бағдарламалық кешендер иероглифті анықтамай латын әріптері мен МТНБ сандық белгілерін анықтайды. Қолда бар функционал ҚХР-да тіркелген көлік құралдарын сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер автоматты режимде Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Әкімшілік құқық бұзушылықтың бірыңғай тізілімінің республикалық серверіне жолданады, онда жүйе ЖЖҚ бұзғаны үшін айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама қалыптастырады.

ҚХР-да тіркелген көлік құралының МТНБ немесе сақтандыру полисі туралы мәліметтерді толық сәйкестендіру мүмкіндігі болмаған кезде мұндай МТНБ-ны жүйе танымады деп айқындалып, Ішкі істер министрлігінің «Қорғау» ақпараттық жүйесіне беріледі. Көрсетілген көлік құралдары «Қорғау» жүйесі арқылы анықталған жағдайда патрульдік полиция қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік материал толтыру бойынша шаралар қабылдайды.

Анықтама: ҚХР аумағында тіркелген көлік құралдары жүргізушілерінің жол қозғалысы ережелерін бұзуы Қазақстан Республикасында жалпы негіздерде сертификатталған фото және бейнетіркеу жүйелерімен не полиция қызметкерлерімен тіркеледі. Жүргізушінің жеке басы көші-қонды тіркеу деректері (паспорт деректері, мемлекеттік шекараны кесіп өту туралы мәліметтер, қабылдаушы тараптың байланыс деректері және басқалары) негізінде анықталады, бұдан кейін айыппұл төлеу туралы нұсқама жасалады, ол жүргізушіге қолын қойғызып табыс етіледі не оның Қазақстан Республикасында уақытша болатын, тіркелген мекенжайына, сондай-ақ заңнамада

көзделген өзге де тәсілдермен жіберіледі. Бұл азаматтығына қарамастан, жауапкершіліктен бұлтартпастығын қамтамасыз етеді.

Ағымдағы жылы ЖЖҚ бұзғаны үшін ҚХР-да тіркелген көлік құралдарының 165 жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 9 млн теңгеге әкімшілік айыппұл салынды.

Ақылы автомобиль жолдарымен жүру жүйелері, таразы жүк көлік құралдарының станциялары өткізу пункттеріндегі электрондық кезек жүйесімен интеграцияланған, бұл берешек болған кезде шығуға шек қоюды қоса алғанда, тасымалдаушылардың міндеттемелерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Шетел азаматтары жеке пайдалану үшін уақытша әкелген көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында уақытша әкелу рәсімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жол жүрісі, кедендік реттеу және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы заңнамасының талаптарын міндетті сақтау көзделген.

Қазақстан Республикасына уақытша кіретін көлік құралдарының иелері азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын, оның ішінде электрондық форматта және шекара маңындағы аудандарда орналасқан сақтандыру ұйымдары арқылы ресімдеу мүмкіндігі бар.

Жол көлік оқиғасы болған жағдайда қолданыстағы сақтандыру полисінің болуы заңнаманың шеңберінде сақтандыру төлемдері жәбірленуші тарапқа зиянды өтеуді қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Сақтандыру нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын және сақтандыру туралы заңның жаңа редакциясын әзірлеуде, оның шеңберінде жол жүрісіне қатысушыларды сақтандыру қорғанысы тетіктерін одан әрі жетілдіру мәселелері қаралатын болады.

Шетелдік көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруін қамтамасыз етуді мемлекеттік органдар өздерінің негізгі функцияларын орындау шеңберінде бөлек бюджеттік тағайындаусыз қаржыландырады, осыған орай тиісті шығындарды бөлек есепке алу практикалық орындылықтың болмауына байланысты жүргізілмейтінін атап өткен жөн.

Уақытша мемлекеттік тіркеу, уақытша МТНБ беру және қосымша алымдар белгілеу, сондай-ақ теңгерімді тәсілдерді әзірлеу сияқты енгізуге ұсынылған қосымша әкімшілік тетіктер кешенді ведомствоаралық пысықтауды, олардың Қазақстан Республикасының халықаралық *(оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың)* міндеттемелеріне сәйкестігін, сондай-ақ қаржы-экономикалық салдарды бағалауды талап етеді.

Осыған байланысты мен тиісті тапсырма бердім. Нәтижелері туралы қосымша хабарланатын болады.

Жалпы шетелдік көлік құралдары мемлекет аумағында болған кезеңде олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауы мәселесі уәкілетті органдардың тұрақты бақылауында.

О. Бектенов